

**С. А. Асатиев,**  
*жалпы білім беретін пәндер кафедрасының*  
*оқытушысы, экология магистрі, полиция аға лейтенанты*  
*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

### **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ — ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ТІРЕГІ**

Қазіргі кезде Республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда тұлғаның патриоттық құндылықтарын дамыту арқылы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы Президентінің Республика халқына Жолдауларында, Үкіметтің құжаттарында және ағымдағы басылым беттерінде айқын аңғарылады. «Елбасы, Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан — 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында жаңа қазақстандық патриотизм көпұлтты және көпконфессиялық қоғам табысының негізі екендігін атап көрсеткен болатын. Бұл бағыттағы басты мақсат қоғамдық келісімді сақтау және нығайту болып табылады. Ол мемлекет, қоғам, ұлт ретіндегі өмір сүрудің айнымас шарты<sup>1</sup>.

Мемлекет әр азаматтың өмір сапасын, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік бергенде елімізді сүйеміз жәнет мақтанамыз. Осы тәсіл арқылы патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарас оянып, жаңа қазақстандық патриотизм құндылықтары қалыптасады.

Бағзы ата-бабаларымыз Отанды қорғауда жан-тәнін аямай, патриотизмнің ең озық үлгісін көрсеткен. Себебі, ол табиғаттан, ұлттық тәрбиеден берілген сезім болатын. Алайда ендігі мәселе ұлттық патриотизм үлгісін жаңа қазақстандық патриотизммен ұштастыру, басқа ұлттарға өзіміздің елімізді, жерімізді, ұлтымызды, мемлекетімізді сыйлауына жол, бағыт көрсету болмақ.

Патриотизм — отбасына, туып-өскен ортасына, топырағы мен табиғатына, еліне деген құрметтен бастау алады. Өз ұлтын, жерін сүйіп, оның мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын адам ғана шынайы патриот бола алады. Оны зорлықпен, нұсқаумен жүргізу мүмкін емес. Ел Президенті Н. Ә. Назарбаевтың: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет».

Қазақстанның кез келген азаматын отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеудің орны бұрын да бөлекше болған, бүгін де маңызын жойған емес. Кез келген елдің дамуы саналы азаматтар қатарының көбеюімен де байланысты. Себебі болашақ — қазақ жастарының қолында. Ал осы жолда тайсалмай, елім үшін деп ерінбей еңбек ететін болсақ, өз үлесімізді қосарымыз анық. Келешекте ел тізгінін қолға алатын жастардың барынша білімді, жан-жақты, білікті болуы қаншалықты маңызды болса, олардың Отанына деген сүйіспеншілігінің мол болуы басты қажеттілік болса керек. Өйткені, елін, жерін сүймеген азамат Отанына адал қызмет ете алатыны күмән тудырады. Ұлтының патриоты болған адам ана тіліне бей-жай қарай алмайды. Ал өз тілінде де, өзге тілдерде де еркін сөйлейтін маман қай кезде де еліне пайда келтіре алатыны анық. Қазіргі тәуелсіздік жағдайында патриоттыққа баулу — айрықша маңызға ие мәселелердің бірі болып отырғаны да сондықтан.

«Саяси түсіндірме сөздігінде» патриотизмге былайша анықтама берген екен: «Патриотизм (грек, *patris* — отан, атамекен) — өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпы елдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, қорғауды мақсат тұтатын өз Отанына, атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі. Бүгінгі күні патриотизм мәселесі жаһандану, интернационализация, мемлекетаралық, аймақтық және жер шарылық ықпалдастық жағдайында өрши түсуде. Н. Г. Чернышевскийдің сөзімен айтар болсақ: «Өз Отанына салқын адам бүкіл адамзатқа да опа бермейді».

Патриотизм феноменін үшке бөліп қарастырған жөн дейді отандық ғалымдар. Ол: мемлекеттік, ұлттық және жеке түрлер. Оның біріншісі бүгінгі таңда аса маңызды саналып

отырған — жаңа қазақстандық патриотизм. Бұл елімізде мекен етіп жатқан жүз отызға жуық ұлт пен ұлыстардың елге деген сүйіспеншілігі тұрғысында қарастырылады. Яғни, барлық қазақстандықтар жаңа патриотизмге ден қоюы басты межеге, күн тәртібіндегі мәселеге айналып отыр. Жалпы, кез келген адам патриоттықты бесіктегі шақтан бастап бойға сіңіре бастайды. Бұл жерде отбасылық тәрбиенің де, балабақша мен мектеп, жоғары оқу орындары мен ондағы білім беруші ұстаздардың да үлесі зор. Сондай-ақ, жұмыс істеу барысында қоғамдық ұйымдардың немесе басқа да орталықтардың ықпалы болары сөзсіз.

Еліміздің болашақ жастарын Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелейміз десек, ең алдымен, қазақ мәдениеті мен өнеріне, мемлекеттік тілге мән бергеніміз жөн. Біздің қазақта Отаншылдыққа тәрбиелеудің тамыры тереңде, халық ауыз әдебиетінде — мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерінде, ертегілер мен батырлар жырында, терме және халық әндерінде жатқаны ақиқат. Қазақта «Бөтен елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер бір өледі, ез мың өледі» деп, жас ұрпақты елін сүюге, намысты таптатпауға тәрбиелеген. Ендігі мақсат осындай ұлағатты да даналы сөздерді елімізді мекен етіп жатқан барлық ұлттар мен ұлыстарға жеткізу, олардың да Отанға деген сүйіспеншілігін ояту болмақ.

Сонымен қорыта келгенде, қазақстандық патриотизм, ол — бүкіл қазақстандықтарға тән. Себебі бізде ортақ Отан, ортақ тарих, ортақ салт-дәстүр, ортақ тіл мен мәдениет. Басқа ұлт өкілдері осыны саналы түрде қабылдауы тиіс. Қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық татулықтың маңыздылығы Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаевтың тарихи еңбектерінде толық қамтылып, жазылған. Бұның өзі көп нәрседен хабар берсе керек.

---

<sup>i</sup> Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан — 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 2012 ж. 14 желтоқсан // <http://www.akorda.kz>